**Жекелеген қызмет түрлері бойынша біржолғы талондардың құны және белгіленген салық мөлшерлемелері туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 13 сәуірдегі N 16/105 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 сәуірде N 13-6-114 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 13/68 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2012.12.20 N 13/68 Шешімімен

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV Заңының 36-бабына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексінің 422-бабына сәйкес Есіл ауданы бойынша Салық басқармасымен өткізілген хронометрлік тексерулер мен зерттеулердің орта күндік мәліметтері негізінде аудандық мәслихат**ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының базарларында тауарларды сатумен айналысатын жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны бекітілсін, 1-қосымшаға сәйкес.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009.07.27 N 20/121 Шешімімен

1.1. 1.1-қосымшаға сәйкес эпизоттық сипаты бар қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ 1.1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009.07.27 N 20/121 Шешімімен

2. Бекітілген базалық мөлшерлемелер шегінде Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін белгіленген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Аудандық мәслихат шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 12 желтоқсандағы № 154 «Жекелеген төлем түрлері бойынша ставкаларды бекіту туралы» шешімі, 2005 жылдың 29 желтоқсанында № 13-6-21 нөмірімен мемлекеттік тіркеу тізілімінің өңірлік

тарауында тіркелген.

2) Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 23 тамыздағы № 201 «Жекелеген төлем түрлері бойынша ставкаларды бекіту туралы» шешімі, 2006 жылдың 25 қыркүйегінде № 13-6-31 нөмірімен мемлекеттік тіркеу тізілімінің өңірлік тарауында тіркелген.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы* *Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Е. Оспанов* *Б. Шериязданов*

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 13 сәуірдегі № 16/105 шешіміне 1-қосымша

## Есіл ауданының базарларында тауарларды сатумен айналысатын тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға біржолғы талондардың құны

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009.07.27 N 20/121 Шешімімен

| Р/с № | Сатылатын тауарлар түрлері | Біржолғы талонның құны теңгеде |
|---|---|---|
| 1 | Тауарларды сату, соның ішінде: гүлдерді сату; ет өнімдерін сату; көкөністер мен жемістерді сату; өнеркәсіптік тауарлар | 318<br>382<br>318<br>250 |

Аудандық мәслихаттың шешіміне 2009 жылғы 27 шілдедедгі № 20/121 1.1-қосымша

## Эпизоттық сипаты бар қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны

Ескерту. Шешім 1.1-қосымшамен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2009.07.27 N 20/121; өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2011.06.20 N 42/242 Шешімдерімен

| Р/с № | Қызмет түрлері | Біржолғы талонның құны теңгеде |
|---|---|---|
| 1 | Тұқымдарды, сондай-ақ егу материалдарын (көшеттерді) сату | 160 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке тракторлар иелерінің қызметтері | 318 |
| 3 | Үй жануарларын бағу | 187 |

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 13 сәуірдегі № 16/105 шешіміне 2-қосымша

## Айына салық салу бірлігіне белгіленген салық мөлшерлемелері

| Р/с № | Салық салу нысаналарының атауы | Белгіленген салықтың базалық мөлшерлеме- лерінің мөлшерлері (айлық есептік көр- сеткіштерде) |
|---|---|---|
| 1 | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары | 1 |
| 2 | Бір ойыншыдан артық ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары | 1 |
| 3 | Ойын өткізуге арналған персоналды компьютер | 1 |
| 4 | Ойын жолы | 5 |
| 5 | Қарт | 2 |
| 6 | Бильярд үстелі | 3 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК